# II МОДУЛЬ
# ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

## 1-сабақ
## Сотқа шақырту

### 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| сотқа шақыру қағазы | шақырылып отыр |
| хабарлау | татуластыру рәсімі |
| хабарлама | бейнеконференция |
| шақырылушы | мобильді қосымша |
| заңды тұлға | өтетін орны |
| кім ретінде | келетін жері |
| | тағайындалған |

### 2. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| өтетін | қосымша |
| заңды | шақыру қағазы |
| татуластыру | отыр |
| шақырылып | рәсімі |
| сотқа | ретінде |
| мобильді | орны |
| кім | тұлға |

### 3. Оқыңыз және есте сақтаңыз.

**Сотқа электронды шақыру хабарламасында:**

1) сотқа шақырылушының аты-жөні;
2) соттың атауы мен мекенжайы;
3) келетін жері мен уақыты;
4) істің қысқаша атауы;
5) адресаттың кім ретінде шақырылып отырғандығы;
6) хабар жіберген адамның тегі мен аты көрсетілуі тиіс.

### 4. Аудармасын табыңыз.

1. істің қысқаша атауы
2. келетін жері мен уақыты
3. шақырылушының аты-жөні
4. кім ретінде шақырылып отыр
5. соттың атауы
6. соттың мекенжайы

а) адрес суда
ә) место и время прибытия
б) имя приглашенного
в) приглашен в качестве кого
г) название суда
ғ) краткое наименование дела

| | |
|---|---|
| 1 | ғ |
| 2 | |
| 3 | |
| 4 | |
| 5 | |
| 6 | |
| 7 | |
| 8 | |



LIVEWORKSHEETS

## 5. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Сотқа электронды шақыру хабарламасында:

1) сотқа шақырылушының ____
2) соттың ____ мен ____
3) келетін ____ мен ____
4) ____ қысқаша атауы
5) адресаттың ____ шақыртылып отырғандығы
6) хабар жіберген адамның ____ мен аты көрсетілуі тиіс

| | | | |
|---|---|---|---|
| аты-жөні | жері | тегі | істің |
| атауы | уақыты | мекенжайы | кім ретінде |

## 6. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| сотқа шақырылушының | қысқаша атауы |
| соттың | тиіс |
| заңды тұлғаның | жері мен уақыты |
| келетін | аты-жөні |
| көрсетілуі | шақыртылып отырғандығы |
| істің | атауы мен мекенжайы |
| кім ретінде | атауы |

## 7. Тыңдаңыз, жазыңыз.

____ бойынша
____ бойынша
____ бойынша
____ бойынша
____ бойынша
____ бойынша
____ бойынша
____ бойынша

бойынша – по
мекенжайы бойынша – по адресу
іс бойынша – по делу
нөмірі бойынша – по номеру
арызы бойынша – по исковому заявлению

## 8. Берілген тіркестерді аударыңыз.

по Карагандинской области
по району
по исковому заявлению
по номеру
по требованию
по гражданскому делу
по решению суда



LIVEWORKSHEETS

9. Мәтінді оқыңыз, мазмұны бойынша кестені толтырыңыз.

тел.: 8(702)7630909
27.04.2021 ж.

Ж.С.Мирбеков
10 сағат 37 минут

## ТЕЛЕФОНОГРАММА

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты сізге Ж.К.Омаровтың Жәнібек Сайдуалиұлы Мирбековке берешек соманы өндіріп алу туралы талап қою арызы бойынша 27.05.2021 жылғы 10 сағ. 00 мин. тағайындалған сот отырысына бейнебайланыс (WhatsApp) 87089472164 нөмірі бойынша қосылу қажеттігі туралы хабарлайды.

Қол қойған судья — Т.Жабықпай
Дайындаған — А.Н.Сапарғали

| | |
|---|---|
| Шақырылушының аты-жөні | |
| Істің атауы | |
| Соттың атауы | |
| Өтетін уақыты | |
| Судья | |
| Сот отырысы қалай өтеді? | |

10. Оқыңыз, қажетті жалғауды жазыңыз.

-ның   -ны   -ы   -ы   -тен   -сы

## ТЕЛЕФОНОГРАММА

Қарағанды қала____ Қазыбек би аудан___ № 2 аудандық сот________ сізге Ж.Т. Ибраева____ Д.Р.Кубеков____ алимент өндіру туралы талап қою арызы бойынша 27.05.2021 жылғы 10 сағ. 00 мин. тағайындалған сот отырысы___ бейнебайланыс (WhatsApp) 87089472164 нөмірі бойынша қосылу қажеттігі туралы хабарлайды.

Қол қойған судья — Т.Жабықпай
Дайындаған — А.Н.Сапарғали



LIVEWORKSHEETS

## 11. Тыңдаңыз, қажетті сөздерді жазыңыз.

__________ Абай Ныгметов! Құрметті Гүлшат Жандосова!
Сізді WhatsApp бейнеқоңырау арқылы келісу рәсіміне қатысуға __________.
Талап қоюшы Жандосованың: __________ __________ __________
талап-арызы бойынша. __________және уақыты: 2021 жылғы 7 маусым, __________ 10.05-те
Орны: Қарағанды __________ Қазыбек би ауданының No2__________ __________.
__________: Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 37, тел.: 55-97-44.
Судья Б.А. Дайрабаев, хатшы Д.Г. Омарова 8(707)5782881
Келісу рәсімдері WhatsApp қосымшасының бейнеқоңырауы арқылы жүзеге асырылады.

құрметті | күні | шақырамыз | сағат | некені бұзу туралы | қаласы | мекенжайы | аудандық соты

## 12. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Талап қоюшы кім?
Істің атауы қандай?
Соттың мекенжайы қандай?
Судьяның аты-жөні кім?
Келісу рәсімі қашан өтеді?

## 13. Жағдаяттық тапсырма.

**Кестедегі мәліметтердің көмегімен татуласу рәсіміне шақырту жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| Жауапкер | Мауленов Болат |
| Талап-арыздың атауы | Мауленова Қаламқастың неке бұзу туралы талап-арызы |
| Соттың атауы | Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты |
| Өтетін күні, уақыты | 21.09.2021 жыл15 сағ. 30 мин. |
| Судья | Қожахметова Жанат Ботпайқызы |
| Сот отырысы қалай өтеді? | бейнебайланыс (WhatsApp) арқылы 87089472164 нөмірі бойынша |



LIVEWORKSHEETS

## 14. Қажетті сөздерді жазыңыз.

Құрметті ____________________, Қазыбек би ауданының №2____________ ____________ 2021 жылғы 7 маусым, ________________ 10.05-те. Сізді бейнебайланыс арқылы ________ ____________ қатысуға шақырады.

Талап қоюшы Қ. Мауленованың: ____________ ____________ ____________ талап-арызы бойынша.

Орны: __________ Қазыбек би ауданының №2____________ ____________.

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 37, тел.: 55-97-44

Судья ____________________, хатшы Д.Г. Омарова 8 (707) 578-28-81

**Келісу рәсімдері WhatsApp қосымшасының бейнебайланыс арқылы жүзеге асырылады.**

## 15. Берілген сөз орамдарымен сұхбаттасыңыз.

Сот отырысы қашан өтеді?

Сотқа шақырылушының аты-жөні кім?

Тыңдап тұрмын.

Келетін жері мен уақыты қашан?

Соттың атауы мен мекенжайы қандай?

Істің қысқаша атауы қандай?

Сәлеметсіз бе, сізден сұрауға бола ма?

Кім ретінде шақырылып отыр?

Қайырлы күн!

Сағат нешеде?

жақсы, рақмет

Қай күні?



LIVEWORKSHEETS